



**№2 (43)
2016**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
А.С. Сақтағанов
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Әділет министрі Б. Имашевтың Қоғамдық кеңес алдындағы есеп-баяндамасы.....	5
«Қазақстан Республикасының Заңнама институты жаршысының» 10 жылдығына орай	13
М.А. СӘРСЕМБАЕВ Заңнама институтының жаршысы журналының Қазақстан құқығының дамуына қосқан үлесі	13
Конституциялық және әкімшілік құқық	18
С.С. ШЕШЕНБАЕВА, М.А. БАЖБЕНОВА Қоғамдық кеңес мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы нысандарының бірі ретінде	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	24
В.Т. ҚОНЫС Жаңа Азаматтық процесілік кодекстің аясында азаматтық процестегі прокурордың рөлі және қатысу нысандары И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Қазақстан Республикасы халқын кредиттеудегі кредиттік серіктестіктердің рөлі	24 32
Ш.Ж. ТАУКЕБАЕВА Қолданыстағы заңнама кредит шартының (кредиттік шарттың) кейбір мәселелері туралы	38
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	43
Ш.Ж. КЕНЖЕТАЕВ Қазақстан Республикасының қылмыстық процесінде айғақтарды сақтауға қоюдың ерекшеліктері	43
М.Д. ҚАРАЖАНОВ, А.Қ. ҚАНАТОВ, А.Ж. АХМЕТОВА Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресудің кейбір мәселелері	47
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Д.С. ҚАЖМҰРАТОВА Қылмыстық процеске қатысушы тұлғалардың құқықтық жағдайы туралы мәселеге	55
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	63
М.А. СӘРСЕМБАЕВ ЕАЭО елдерінде атомдық электр станцияла- рын салу және оны пайдалану кезінде экологияны нормативтік- құқықтық реттеу проблемаларын айқындау мен шешу	63
Е.М. АБАЙДІЛДИНОВ Зияткерлік меншік саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес жетілдірудің кейбір мәселелері	73

Құқықтық мониторинг	79
Т.С. САФАРОВА ҚР құқықтық мониторинг туралы жаңа заңнамасының кейбір аспектілері	79
Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы тәжірибесінен	83
Б. ШОЛАН, Т.Е. МҰШАНОВ Заң терминдері мен тұрақты тіркестерінің теңтүпнұсқалығын қалыптастырудың кейбір мәселелері	83
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Лингвистикалық сараптама: қолданыстағы заңнама терминологиясы материалында	89
Шетелдік тәжірибе	93
В.Ф. ПОПОНДОПУЛО (Санкт-Петербург) Ресейдің корпоративтік құқығы: жалпы сипаттама	93
Э.Л. СИДОРЕНКО (Мәскеу) Ресейдегі халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды іске асыру аясындағы ұлтаралық параға сатып алу үшін қылмыстық жауаптылық	101
О.И. СЕМЫКИНА (г. Москва) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық-құқықтық шаралары: ЕАЭО елдерінің заңнамасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар	107
Жас ғалым мінбері	115
А.А. ЖАБАЕВА Қазақстан Республикасында халықаралық төреліктің қалыптасуы және дамуы	115
Е.О. МҰХАМЕДЖАНОВ Алдын ала тергеу мерзімінің үзілу кезеңіндегі қылмыскерлерді және хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздестірудің құқықтық негіздері	119
Ж.Т. ИСКАКОВА Интеграциялық құқықтың мәні мен құқықтық табиғатын анықтаудың теориялық мәселелері	123
Ақпараттық хабарламалар	130
2016 жылғы 21 сәуірде Астана қ. өткен «Әкімшілік заңнаманы жетілдіру туралы: жаңа Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексін қолдану практикасын қорытындылау нәтижелері» тақырыбындағы дөңгелек үстел туралы ақпараттық хабарлама	130
2016 жылғы 12 мамырда Астана қ. өткен Н.А. Шәйкеновті еске алуға арналған «Қазіргі заман жағдайларында жеке адам құқықтарын қамтамасыз ету» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция («Шәйкенов оқулары») туралы ақпараттық хабарлама	137
2016 жылғы 26 мамырда Астана қ. өткен Мемлекеттік тілдегі заң жобалары мен халықаралық шарт жобаларының сапасы және ғылыми лингвистикалық сараптама мәселелері бойынша өткен практикалық семинар туралы ақпараттық хабарлама	140
Лейпциг қ. (Германия) өткен Әкімшілік құқық және процесс бойынша халықаралық форум туралы ақпараттық хабарлама, 2016 жылғы 20-23 маусым	144
Даналық ойлар: Н. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері	145



**№2 (43)
2016**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А. С. Тукиев
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.С. Сактаганов
М.А. Сарсембаев

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан

научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Доклад-отчет Министра юстиции Республики Казахстан Б. Имашева перед Общественным советом	5
<i>К 10-летию «Вестника Института законодательства Республики Казахстан»</i>	13
М.А. САРСЕМБАЕВ Вклад Вестника Института законо- дательства в развитие казахстанского права	13
<i>Конституционное и административное право</i>	18
С.С. ШИШИМБАЕВА, М.А. БАЖБЕНОВА Общественные советы как одна из форм взаимодействия государственных органов и гражданского общества	18
<i>Гражданское и гражданско-процессуальное право</i>	24
В.Т. КОНУСОВА Роль и формы участия прокурора в гражданском процессе в контексте нового гражданского процессуального кодекса	24
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Роль кредитных товариществ в кредитовании населения Республики Казахстан	32
Ш.Ж. ТАУКИБАЕВА Действующее законодательство о некоторых вопросах договора кредита (кредитного договора)	38
<i>Уголовное право и уголовный процесс</i>	43
Ч.Д. КЕНЖЕТАЕВ Особенности депонирования показаний в уголовном процессе Республики Казахстан	43
М.Д. КАРАЖАНОВ, А.К. КАНАТОВ, А.Ж. АХМЕТОВА Некоторые проблемы борьбы с уголовными правонаруше- ниями, посягающими на экологическую безопасность	47
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Д.С. КАЖМУРАТОВА К вопросу о пра- вовом положении лиц, участвующих в уголовном процессе ..	55
<i>Международное право и сравнительное правоведение</i>	63
М.А. САРСЕМБАЕВ Выявление и решение проблем норма- тивно-правового регулирования экологии при строительстве и эксплуатации атомных электростанций в странах ЕАЭС ...	63
Е.М. АБАЙДЕЛЬДИНОВ Некоторые вопросы совершен- ствования национального законодательства Республики Казахстан в сфере интеллектуальной собственности в соответствии со стандартами ОЭСР	73

Правовой мониторинг	79
Т.С. САФАРОВА Некоторые аспекты нового законодательства РК о правовом мониторинге	79
Из практики законодательства на государственном языке	83
Б. ШОЛАН, Т.Е. МУШАНОВ Некоторые вопросы формирования аутентичности юридических терминов и устойчивых словосочетаний	83
Г.К. АҚЫЛБЕКОВА Лингвистическая экспертиза: на материале терминологии действующего законодательства	89
Зарубежный опыт	93
В.Ф. ПОПОНДОПУЛО (Санкт-Петербург) Корпоративное право России: общая характеристика	93
Э.Л. СИДОРЕНКО (Москва) Уголовная ответственность за транснациональный подкуп в свете реализации Россией международных антикоррупционных стандартов	101
О.И. СЕМЫКИНА (Москва) Уголовно-правовые меры противодействия коррупции: сходства и различия в законодательстве стран ЕАЭС	107
Трибуна молодого ученого	115
А.А. ЖАБАЕВА Формирование и развитие международного арбитража в Республике Казахстан	115
Е.О. МУХАМЕДЖАНОВ Правовые основы розыска уголовных преступников и без вести пропавших лиц в период прерывания сроков досудебного расследования	119
Ж.Т. ИСКАКОВА Теоретические проблемы определения сущности и правовой природы интеграционного права	123
Информационные сообщения	130
Информационное сообщение о круглом столе на тему «О совершенствовании административного законодательства: по итогам обобщения практики применения нового Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях», г. Астана, 21 апреля 2016 года	130
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции, посвященной памяти Н.А. Шайкенова, на тему: «Обеспечение прав личности в современных условиях» («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 12 мая 2016 г.	137
Информационное сообщение о практическом семинаре по вопросам качества проектов законов и международных договоров на государственном языке и научной лингвистической экспертизы, г. Астана, 26 мая 2016 г.	140
Информационное сообщение о Международном Форуме по административному праву и процессу в г. Лейпциге (Германия), 20-23 июня 2016 г.	144
Мудрые мысли: максимы и афоризмы Н. Шайкенова	145



Қаражанов Малик Дулатұлы,

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау институтының директоры, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)



Қанатов Алмас Қанатұлы,

ҚР Заңнама институтының Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасы және сот сараптамасы бөлімінің бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент



Ахметова Айнаш Жұмажанқызы,

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚОЛ СҰҒАТЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА ҚАРСЫ КҮРЕСУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстан Республикасы алғашқы болып экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен, оның ішінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес мәселесіне көңіл бөлген болатын. Өткен ғасырдың 80-жылдары қазақ ғалымы Олжас Сүлейменов Семей ядролық полигонын жабу жолында күрес жүргізді. Ал 1991 жылдың 29 тамызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың №409 Жарлығымен Семей ядролық сынақ полигоны мәңгі жабылды, бірақ экологиялық қылмыстармен күрес осымен біткен жоқ еді. Ендігі кезекте жаңа жоғары өндірістік экономикалық қуат көздерін тез арада

пайдаланумен байланысты жаһандану мәселесі көңіл бөлуді талап етіп отыр [1, 119 б.].

Қазіргі қоршаған табиғи әлемнің жағдайы, оны құраушылар – ауа, су, жер құлдырау жағдайында, уытты заттардың өсуі байқалады. Қауіпті жағдайда адам тұратын табиғи орта қалып отыр. Экологиялық дағдарыс өткен ғасырдың орта шенінен бастап ең қауіпті қатерлердің бірі ретінде адамзат жойылуына немесе көптеген әлеуметтік-экономикалық және саяси қатынастардың жаһанды күрделенуіне әкелуі, әлемнің геосаяси құраушыларына әсер ету мүмкін.

Ауаны ластағаннан басқа, елдің кәсіпорындарының өндірісі, су мен өзендерді

ластауда, сонымен олар Қазақстанның су қауіпсіздігіне зиян келтіруде [2].

Мұндай мәселені шешудің бір бағыты экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстармен күрес мәселелері табылады.

Бүгінгі күні экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресу мәселелері өзекті болып отыр.

Осы мәселенің өзектілігін заң ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ж. Балтабаев дұрыс атап өткен: «Қазақстанда жүргізіліп жатқан демократиялық реформалар мен нарықтық қатынастар кезеңінде қылмыстылықпен күрес мәселесі өзекті болып отыр» [3].

Осы идеяны жалғыстыра отырып, заң ғылымдарының докторы, профессор Ә.Х. Миндағұлов былай деп жазған: «Қылмыстылықпен күрес саласындағы басты міндет қылмыстылықтың алдын алу процесін басқару заңдылықтарын анықтау, ал онымен құқықпен қорғалатын әлеуметтік құндылықтарға сенімді қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру болып табылады» [4, 11 б.].

Заң ғылымдарының докторы Р.Е. Джансараева қылмыстылықпен күресте кеелсі жағдайға аса көңіл бөлген: «...жаңадан қылмыстарды жасаудың алдын алу, қылмыстылықпен күресті нәтижелі ұйымдастыруда үлкен роль атқарады [5].

Заң ғылымдарының докторы, профессор Е.О. Алаухановтың пікірінше, қылмыстылықпен күрес дегеніміз жүйелік-құрылымдық қызмет, ол үш жүйенің жиынтығынан тұрады: 1) күресті жалпы ұйымдастыру; 2) қылмыстылықтан сақтандыру; 3) құқық қорғау қызметі. Бұл әлеуметтік басқару салаларының бірі және мыналарға ықпал етеді: а) қылмыс және қылмыстылық тудыратын себептер мен жағдайларға; б) қылмыстылықтың өз бетімен детерминациялануынан сақтандыру және оны тыю мақсатында оның өзіне әсер ету [6, 168 б.].

Сондықтан, біздің ойымызша қылмыстылыққа әсер етуге бағытталған шығындар, оның зардаптарын азайту және осы қызметтің тиімділігі көбінесе мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясатына, мемлекеттік идеологиясына, сондай-ақ әсер ету стратегиясының ойластырылуы мен анықталуына байланысты болады. қылмыстылыққа әсер етуге бағытталған шығындар, оның зардаптарын азайту және осы қызметтің тиімділігі көбінесе мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясатына, мемлекеттік идеологиясына, сондай-ақ әсер ету стратегиясының ойластырылуы мен

анықталуына байланысты болады [7, 39 б.].

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресу әрбір елдегі тез даму мен өнеркәсіптік экономикалық күштердің көбеюіне байланысты болып отыр. Осыған қатысты материалдық мақсаттарды көздеп, табыс тез табам дегендер экологиялық нормаларды бұзып, қоршаған ортаға үлкен зиянын тигізуде.

Ресей криминологы профессор Я.И. Гишинский осы мәселеге қатысты былай деп жазады: «Экологиялық қылмыстардың қауіптілігі өте жоғары (адамды құртуға дейін барады), олардың деңгейі өте көп, бірақ жауаптылыққа тартылатындары өте аз. Нақты қылмыстық істерді зерттеу кезінде олар көбінесе шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы, ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдалану кезінде экологиялық талаптардың бұзылуы, ветеринарлық ережелердің және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу үшін белгіленген ережелердің бұзылуы сияқты істердің көпшілігі анықталмайды және жазаланбайды» [8, 287 б.].

Осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әлеуметтік қауіптілігі мен оның салдарының кеңдігі мен үлкен көлемділігіне қарамастан, бұл қасіретпен күрес белсенді жүзеге асып келе жатқан жоқ.

Құқық қорғау органдары экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізуде қажетті барлық күштер мен құралдармен толық көлемде қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, бұл қызметте көптеген басқа органдар қатысады.

Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізу үшін құқық қорғау және табиғат қорғау қызметімен айналысатын органдардың жүйесі құрылған болатын. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212 болып қабылданған Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 3 бөлімін талдау көрсеткендей және «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығына [9] сәйкес қоршаған ортаны қорғау функциясын жүзеге асыратын арнайы өкілетті органдарға жатады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі; Қазақстан Республикасы Энерге-

тика министрлігі; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті; Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті; «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті; Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда өз өкілеттіктерінің шегінде жергілікті атқарушы органдар.

Осы органдар ішінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресті Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, яғни Қазақстан Республикасы ИМ табиғат қорғау және ветеринарлық полиция бөлімдері жүзеге асырады.

Осы орган қызметі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 10 мамырындағы №201 бұйрығымен бекітілген «Экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске қатысу жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы» нұсқаулықпен реттеледі.

Табиғатты қорғау полициясының штаттық қызметкерлері жоқ ҚАІБ-де қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды қорғау, молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдармен, экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы күресте басқа да құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасасу және жұмысты ұйымдастыруды ҚАІБ бастығының бұйрығымен табиғатты қорғау полициясы желісі бойынша міндеттер жүктелген қызметкерлер жүзеге асырады [10].

2012 жылдың басынан бастап ішкі істер органдарымен табиғат қорғау заңнамасын бұзу бойынша 3800 құқық бұзушылық анықталды: 75 тонна заңсыз ұсталған балық алынды, оның ішінде 13,5 тонна бекіре балығы, 235 киллограмм уылдырық, 963 ұстау құралдары, 161 су көліктері, 2156 кубометр заңсыз дайындалған ағаштар. Экологиялық қылмыстар фактісі бойынша 188 қылмыстық іс қозғалған оның ішінде анықтау және тергеу органдарымен 134 қылмыстық іс тергеліп, аяқталған соң сотқа жіберілген. Басқа қылмыстар бойынша 128 қылмыстық іс қозғалған, оның ішінде 14 - орман ұрлау бойынша, 5 факт - балық өнімдерін заңсыз алу немесе өткізу, 109 - бөтеннің мүлкін «орманды» пайдалану мен ысырап ету бойынша

қозғалған [11].

Қазақстан Республикасы Прокуратурасының жүйесінде мамандандырылған табиғат қорғау прокуратуралары бөлінген. 1992 жылдың 11 сәуіріндегі Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Табиғаты қорғау ауданаралық прокуратуралары жөнінде Үлгі ережені бекітті. Осы ережеге сәйкес табиғаты қорғау ауданаралық прокуратуралары аудандық прокуратура құқықтарымен құрылып қызмет істейді, тікелей Бас прокурорға бағынышты немесе сәйкесінше облыс прокурорларына бағынышты болады. Табиғат қорғау прокуратураларының қызметі жағымды нәтижелер көрсете бастады.

Талдау көрсеткендей, елде қоршаған ортаға антропогендік әсер жоғарлағанын байқауға болады, ал заңсыз аңшылық салдарынан көптеген аң түрлері және құнды балықтар түрлері азайған.

Токтата тұрылып ашылмай қалған қылмыстар жөнінде қылмыстық істерді зерттеу нәтижесінде бірнеше істер бойынша прокурорлармен қылмыстық істерді жалғастыру және нақты тергеу іс-әрекеттерін жүргізу бойынша нұсқамалар берілген.

Осы зерделеу нәтижесі бойынша Бас Прокуратура Ішкі істер министрлігіне ұсыныс енгізіп, онда аумақтық ішкі істер органдарының қызметін ықтимал экологиялық қауіпті химиялық, радиоактивті және биологиялық заттарды өндіру мен пайдаланумен, суларды және теңіз аясын ластау, бітеу және саркумен, сондай-ақ жерді бүлдіру және ерекше қорғалатын аумақтар режимін бұзумен байланысты қылмыстарды анықтау мен жолын кесуге бағыттау керектігін көрсетті.

Соттардың экологиялық функциясы істерді қарау мен шешуден тұрады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, жалпы сотқа жіберілген істер санының ішінде экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтардың (ҚР ҚК-нің 277-294 баптары, 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚК-нің 324-327, 343-баптары) пайыздық мөлшері келесідей: 2009 жылы сот үкімінің шығарылуымен байланысты 72299 іс, оның ішінде 164 іс немесе 0,2% экологиялық қылмыстар; 2010 жылы 69700 іс, оның ішінде 170 іс немесе 0,24% экологиялық қылмыстар; 2011 жыл бойынша 63893 іс, оның ішінде 101 іс немесе 0,15% экологиялық қылмыстар; 2012 жыл бойынша 58607 іс, оның ішінде 126 іс немесе 0,21% экологиялық қылмыстар, 2013 жыл бойынша 65318 іс, оның ішінде 225 іс немесе 0,3% экологиялық қылмыстар, 2014 жыл бойынша 59532 іс, оның ішінде 326 іс немесе 0,5% экологиялық

қылмыстар, 2015 жыл бойынша 63852 іс, оның ішінде 885 іс немесе 1,3% экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар. ҚР ҚК-нің 13-тарауы «Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар» бойынша қай қылмыстық құқық бұзушылық қай аумақта көбінесе жасалғандығы жөнінде статистикалық мәліметтер жоқ.

Осы органдар қызметін талдай келе, өкілеттіктері бір-біріне сәйкес келеді немесе бір-бірін шектейтіндігін байқадық. Сондықтан, осы мәселені шешу мақсатында экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің тиімділігін жоғарлату үшін толық қанды орган керектігін түсіндік. ҚР ІІМ құрамында – Экологиялық полиция Комитетін бөлектеу, оларды қажетті техникамен, кадрлармен қамтамасыз ету. Мүмкін болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы сияқты жолмен, Қазақстан Республикасының Экологиялық полиция бюросын құру керек.

Экологиялық полиция басқа бақылаушы органдардан бөлек болу керек, - деп есептейді Р.А. Забавко. Бұл орган орталықтандырудан алшақ болып, атқарушылық қызметке қатысу үшін заңдық тетігі және табиғи ресурстарды бөлу кезінде қатысып оған бақылау жүргізу өкілеттігі болу керек. Бұл орган құрамында экологиялық даму бойынша ғылыми-зерттеу және жобалау институттары көзделуі тиіс [12, 47 б.].

Заң ғылымдарының докторы, профессор А.И. Долгованың пікірін қолдай отырып, экологиялық юстицияның міндеттерін көрсетуге болады: экологиялық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу; экологиялық құқық бұзушылықтармен күрес бойынша қызметті үйлестіру; адам, қоғам, мемлекеттің экологиялық және онымен байланысты мүдделеріне келтірілетін зиянды төмендетуге алғышарттарды қалыптастыру, сондай-ақ экологиялық қолайлы табиғи ортада қоғамның қазіргі және келешектегі ұрпақтарының өмірі мен тұрақты дамуын қамтамасыз етудің құқықтық негіздерін жетілдіру» [13, 428 б.].

Көп жағдайда табыс табуға бағытталған материалдық, экономикалық мақсаттарды көздеу экологиялық нормалар мен талаптарды бұзуға әкеледі, ал нәтижесінде қоршаған ортаға елеулі зиян тигізеді. Мемлекет көптеген нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды, бірақ олар толық экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен тиімді

күрес жүргізуді қамтамасыз етпейді.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің тиімділігін арттырудың ерекше шарттарының бірі - табиғат қорғау қызметінің құқықтық базасын жетілдіру болып табылады. Қазақстанмен бірнеше халықаралық келісім-шарттар да қабылданды. Мысалы, Биологиялық әртүрлілік жөнінде Конвенция (1994 ж.), Климаттың өзгеруі жөнінде Шекті Конвенция (1999 ж.), Химиялық қаруды жобалау, өндіру, жинақтау және пайдалануға тыйым салу және оны жою туралы Конвенция (1999 ж.), Тұрақты органикалық ластаушылар туралы Стокгольм Конвенциясы (2001 ж.), Траншекаралық су ағындары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі Хельсинки Конвенциясы, Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды бақылау және оларды жою туралы Базель Конвенциясы (2003 ж.) және тағы сол сияқтылар.

Экологиялық қауіпсіздіктің дамуында жаңа сатысының басталу сәті ретінде 2003 жылдың 3 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасының қабылдануы болып табылды. «Бұл тұжырымдаманың мақсаты ретінде экологиялық қауіпсіздік саясатының жаңа ережелерін жүзеге асыру болатын [14].

Бірақ Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылдың 13 сәуіріндегі №47 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы және Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған орнықты дамуға көшу тұжырымдамасы күшін жойған болатын.

Алайда, «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген еді [15].

Тұжырымдаманы талдау көрсеткендей, ол елдегі қорлардың тиімділігін арттырады, қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіреді, бірақ нақты экологиялық қауіпсіздікті тиімді қамтамасыз ету мақсаттары көзделмеген.

Сондықтан, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен, оның ішінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің даму бағыттарын анықтау үшін өткен ғасырдың 90-жылдары заң ғылымдарының докторы, профессор

И.Ш. Борчашвили айтқан тұжырымдар көңіл бөлерлік: «Осындай жағдайда ғылыми-негізделген, практикалық дәлелденген мемлекеттің экологиялық саясатын жобалау керек, ол тірі табиғатты сақтау үшін өзінің маңыздылығы бойынша ұлттық қауіпсіздік саясатының бөлігі болып табылады. Қазақстан Республикасының қазіргі экологиялық жай-күйін нақты көрсететін уақытына сай келетін саясатты жобалау экологиялық қылмыстардың себептерін анықтауды және оны толық талдауды көздейді» [16, 3 б.].

И.Ш. Борчашвилидің пікірін қолдай отырып, Қазақстан жаңа экологиялық саясат тұжырымдамасын қабылдау керек, ол жалпы экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтармен және экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес мәселелерін шешуге көмектесер еді. Бірақ қабылданған жасыл даму бағдарламасы осы тұжырымданы қамтыған ал жалпы қағидаттары толық жүзеге асудан қалған болатын.

Дұрысырақ осы тұжырымдамадағы қағидаларды ескеріп жаңа Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын қабылдау керек.

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстармен ары қарай күресу стратегиясына Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы» көрсетеді. Онда келесі даму бағыты көзделген: «Бірқатар өңірлерде экологиялық қиын жағдай орын алған біздің ел үшін ең өзекті мәселе табиғат қорғау заңнамасын, оның ішінде халықаралық міндеттемелер мен стандарттарға оны үйлестіру тұрғысында одан әрі жетілдіру мен дамыту болып табылады. Табиғатты қорғау қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында табиғи ресурстарды пайдалану және оларды қорғауды құқықтық реттеу тетіктерінің нақты аражігін ажырату керек [17].

Көптеген зерттеушілер атап өткендей, криминалдық жағдай үкімет азаматтарын қылмыстылықпен күресте мадақтау шараларын қолданғаннан кейін төмендегенін көрсетті. Осыған байланысты ресей криминолог-ғалымы А.И. Алексеев жақсы пікір білдірді: «табиғи байлықтарды қорғау, қоршаған ортаны қорғау бойынша қоғамдық белсенділіктің барлық заңды нысандарын мемлекет әртүрлі мадақтауы тиіс, экологиялық бағыттағы мемлекеттік

емес бірлестіктер мен ұйымдардың қызметіне өз мүддесіне байланысты кедергі келтіретін лауазымды тұлғалардан қатаң өндіріп алуы тиіс» [18, 431 б.].

Сонымен қатар, барлық ұйымдар мен мекемелерде экологиялық ағарту және тәрбиелеу жүйесін құру керек. Ол адамды қоршаған ортаны табиғатты аялауға тәрбиелегенде әсерін тигізеді. Оны ерте бастаған, әсіресе мектепке дейінгі кезеңде, келешекте экологияны бұзу жөнінде шешімдерді қабылдаудың алдын алады [19, 165 б.].

Ол үшін заң ғылымдарының докторы, профессор И.Ш. Борчашвили келесі экологиялық ағарту мен тәрбиелеу шараларын ұсынады: үздіксіз мектепке дейінгі кезеңнен бастап экологиялық білім беру мен тәрбиелеу; экологиялық білімнің іргелі негізін қалау; оқыту бағдарламалар пакетін дайындау, ғылыми-әдістемелік құралдарды, оқу және көрнекі құралдарын дайындау; республиканың оқу орындарының жоспарларына табиғат қорғау сұрақтарын енгізу керек тағы басқа [16, 51 б.].

Экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша оның ішінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресті ғылыми негізде белгілеу және бірінғай саясатты құру үшін ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін белсендендіру мақсатында арнайы жаңа ғылыми ілімнің қалыптасуы – экологиялық криминология қажет.

Экологиялық ахуалдың қиындау жағдайында экологиялық заңнаманың нормалары мен талаптарына мемлекеттік мәжбүрлеуді, мемлекеттік экологиялық бақылауды (мониторингті қоса алғанда), экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты күшейту керек. Ол үшін ҚР ҚК-те экологиялық салада жеке және заңды тұлғалардың жауаптылығын көтермелеумен байланысты барлық қажетті ережелерді кешенді реттеу керек. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар санкциясы құқыққа қайшы тәртіптің ниетін, себептері мен жағдайларын есепке алып, жасалған қоғамға қауіпті әрекеттер мен оның зардаптарының дәрежесіне сәйкес келуі керек.

Сонымен, экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес тиімді болу үшін және оларды алдын алу мақсатында келесі ұсыныстар жасауға болады:

- экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар мен құқық

бұзушылықтармен күрес жүргізетін органдардың өзара әрекеттесуін жақсарту;

- экологиялық қауіпсіздік саласындағы экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын қабылдау;

- экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресті олар латентті болғанымен тиімді жүзеге асыру үшін экологиялық инспекторлардың штаттық санын ұлғайту;

- экологиялық салада экологиялық талаптар мен нормативтерді сақтау бойынша жеке және заңды тұлғалардың жауаптылығын көтермелеу;

- экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтар санкциясы құқыққа қайшы тәртіптің ниетін, себептері мен жағдайларын есепке алып, жасалған қоғамға қауіпті әрекеттер мен оның зардаптарының дәрежесіне сәйкес келуі;

- экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрес жүргізетін субъектілердің материалдық-техникалық қамтылуына көңіл бөлу;

- экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күрестің тиімділігін жоғарлату үшін толық қанды органды ҚР ПМ құрамында – Экологиялық полиция Комитетін бөлектеу, оларды қажетті техникамен, кадрлармен қамтамасыз ету немесе мүмкін болған жағдайда, Қазақстан Республикасының Экологиялық полиция бюросын құру;

- адам, қоғам, мемлекеттің заңды экологиялық құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін экологиялық юстиция жүйесін құру;

- барлық ұйымдар мен мекемелерде экологиялық ағарту және тәрбиелеу жүйесін құру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Смагулов А.А., Каражанов М.Д. Актуальные проблемы борьбы с преступлениями, посягающими на экологическую безопасность // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и права. - Журнал реферируется в зарубежных базах данных SCOPUS (Elsevier). - 2013. - №2 (24). - С.119-125.

2. Куставлетов С.М. Уголовно-правовая и криминологическая характеристика загрязнения, засорения и истощения вод, загрязнения атмосферы и порчи земли: автореф. ... канд. юрид. наук. - Караганда, 1999. – 29 с.

3. Балтабаев К.Ж. Проблемы соотношения международно-правовых норм и законодательства Республики Казахстан в сфере исполнения наказаний и мер пресечения, связанных с изоляцией от общества: автореф. ...док. юрид. наук. - Караганда, 2000. // <http://www.dissercat.com/content/problemsootnosheniya-mezhdunarodno-pravovykh-norm-i-zakonodatelstva-respubliki-kazakhstan>

4. Миндагулов А.Х. Профилатика преступлений: Учебник. – Алматы: HAS, 2005. – 408 с.

5. Джансараева Р.Е. Проблемы борьбы с преступностью в исправительных учреждениях: на материалах Республики Казахстан: дис. ... док. юрид. наук. – Москва, 2006. – 389 с.

6. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану). - Алматы: Жеті-жарғы, 2005. – 232 бет.

7. Каражанов М.Д. Экологиялық қауіпсіздік аясындағы қылмыстық саясаттың түсінігі мен мазмұны мәселесі //«Ғылыми-білім беру кластері – инновациялық индустриализация тренді (жаһандану және әмбебаптық мәселелері): халық. ғыл.-тәж. конф. – Семей: Кайнар (Семей), 2010. - Б. 38-42.

8. Гилинский Я. Криминология. Курс лекций. - СПб: Питер, 2002. – 420 с.

9. «Қазақстан Республикасы мемлекеттік басқару жүйесінің реформасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы № 875 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000875>

10. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2007 жылғы 10 мамырындағы №201 бұйрығымен бекітілген «Экологиялық құқық бұзушылықтарға қарсы күреске қатысу жөніндегі ішкі істер органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы» нұсқаулық // mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/mvd_page/mvd_norm_baza_current/mvd_norm_baza_current_razn/Norm_baza_002.htm

11. Пресс-релиз об итогах проведения оперативно-профилактического мероприятия «БРАКОНЬЕР» // mvd.gov.kz/portal/page/portal/mvd/mvd_page/min_activity/mvd_materials/mvd_m_env_gov/1DBF1D3417504296A7A639937384E7D5.

12. Забавко Р.А. Новая криминологическая модель профилактики загрязнения окружающей среды // Криминологический журнал Байкальского государственного университета экономики и

права. - 2008. - № 2. - С.41-47.

13. Криминология. Учебник для вузов / под общ. ред. доктора юридических наук, профессора А. И. Долговой. – М.: Издательство НОРМА (Издательская группа НОРМА– ИНФРА • М), 2001. – 784 с.

14. «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы № 1241 Жарлығы // «Заң» деректер базасы.

15. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы №577 Жарлығы //strategy2050.kz/news/1211/

16. Борчашвили И.Ш. Причины экологических преступлений: учебное пособие. – Караганда: КВШ ГСК РК, 1997.- 54 с.

17. Ковалев М.И. Роль законодательной техники в конструировании норм уголовного законодательства // Вопросы совершенствования уголовно-правовых норм на современном этапе межвуз. сб. науч. тр. - Свердловск: СЮИ, 1986. - С.5.

18. Алексеев А.И., Герасимов С.И., Сухарев А.Я. Криминологическая профилактика: теория, опыт, проблемы. Монография - М.: Норма, 2001. - 496 с.

19. Қаражанов М.Д. Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстармен күресу мәселелері // Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ Хабаршы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. - 2012. - №5 (90). - Б.162-166.



Бұл мақалада Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық кодексі контекстінде экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің кейбір аспектілері ашылған. Экологиялық қылмыстылықпен күресті реттейтін бағдарламалық құжаттар талданған, экологиялық қылмыстылықпен күрес жүргізетін органдар функцияларының аражігі ажыратылған. Мақала авторлары экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу тиімді шараларын ұсынады.

Түйін сөздер: экология, экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар, қылмыстылықпен күрес, күресу шаралары, қылмыстылықтың алдын алу.

В данной статье раскрываются некоторые аспекты борьбы с уголовными правонарушениями, посягающими на экологическую безопасность, в контексте мониторинга нового Уголовного кодекса Республики Казахстан. Проанализированы программные документы, регулирующие вопросы борьбы с экологической преступностью, разграничены функции органов, ведущих борьбу с экологической преступностью.

Авторами статьи предлагаются более эффективные меры предупреждения уголовных правонарушений, посягающих на экологическую безопасность.

Ключевые слова: экология, экологические уголовные правонарушения, борьба с преступностью, меры борьбы, предупреждение преступности.

This article deals with some aspects of the fight against criminal offenses, encroaching on ecological safety in the context of the New Criminal Code of the Republic of Kazakhstan. Analyzed policy documents governing the fight against environmental crime, differentiated organ function leading the fight against environmental crime.

The authors offer a more effective measures to prevent criminal offenses, encroaching on ecological safety.

Keywords: ecology, environmental criminal offenses, crime, measures to combat, crime prevention.

Қаражанов Малик Дулатұлы,

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Біліктілікті жетілдіру және мамандарды қайта даярлау институтының директоры, қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)

Қанатов Алмас Қанатұлы,

ҚР Заңнама институты Қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, қылмыстық атқару заңнамасы және сот сараптамасы бөлімінің бастығы, з.ғ.к., доцент

Ахметова Айнаш Жұмажанқызы,

Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Құқықтану кафедрасының аға оқытушысы, құқықтану магистрі

Экологиялық қауіпсіздікке қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күресудің кейбір мәселелері

Каражанов Малик Дулатович,

доктор философии по специальности «Юриспруденция», доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин, директор Института повышения квалификации и переподготовки кадров Казахского инновационного гуманитарно-юридического университета, г. Семей РК

Канатов Алмас Канатович,

начальник отдела уголовного, уголовно-процессуального, уголовно-исполнительного законодательства и судебной экспертизы Института законодательства РК, к.ю.н., доцент

Ахметова Айнаш Жұмажановна,

магистр юриспруденции, старший преподаватель кафедры юриспруденция Государственного университета им. Шакарима г. Семей РК

Некоторые проблемы борьбы с уголовными правонарушениями, посягающими на экологическую безопасность

Karazhanov Malik Dulatovich,

Doctor of Philosophy in the specialty «Jurisprudence», Associate Professor of Criminal Law, director of the institu- training and retraining of innovative Kazakh Humanitarian Law University, Semey Kazakhstan

Kanatov Almas Kanatovich,

Head of the criminal, criminal procedure, the penitentiary legislation and forensic SI «Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan», Candidate of legal sciences, Associate Professor

Akhmetova Ainash Zhumazhanovna,

Master of Law, senior lecturer in Law Shakarim State University of Semey

Some problems of struggle against criminal offenses, encroaching on ecological safety